Төлеби ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Төлеби су шаруашылығы» МКК
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының орындалуын жүргізу мақсатында мекеме қызметкерлері арасында құқықтық оқыту отырысының

№ 7 ХАТТАМАСЫ

Султан Рабат ауылы 25 шілде 2026 жыл

Жиналыс төрағасы Мекеме директорының м а Д.Кадырбаев

Хатшысы Инженер гидротехник Р.Айтмаханбетқызы

Қатысқандар: Мекеменің қызметкерлері

Күн тәртібінде:

Тақырып: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңының 16-бабы.

Жиналысты «Төлеби су шаруашылығы» МКК директорының м а Д.Кадырбаев Кәсіпкерлік саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының 16 бабы бойынша түсіндіру жұмысын жүргізді.

Кәсіпкерлік субъектілері өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөнінде, оның ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды барынша азайту бойынша:

1) шешімдер қабылдау рәсімдерінің есептілігін, бақылауда болуын және ашықтығын қамтамасыз ететін ұйымдық-құқықтық тетіктерді белгілеу;

2) адал бәсекелестік қағидаттарын сақтау;

3) мүдделер қақтығыстарын болғызбау;

4) іскерлік әдеп нормаларын қабылдау және сақтау;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі шараларды қабылдау;

6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау арқылы шаралар қабылдайды.

2. Кәсіпкерлік субъектілері үшін сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі стандарттарды кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктері (қауымдастықтары, одақтары) әзірлеуі және қабылдауы мүмкін.

3. Квазимемлекеттік сектор субъектісінде негізгі міндеті осы ұйымның және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылатын құрылымдық бөлімше немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын атқаратын жауапты адам айқындалады. Бұл ретте сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын атқаратын жауапты адам мүдделердің ықтимал қақтығысы ескеріле отырып айқындалады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкілеттіктерін квазимемлекеттік сектор субъектісінің атқарушы органынан, лауазымды адамдарынан тәуелсіз жүзеге асырады, директорлар кеңесіне, байқау кеңесіне (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органына есеп береді және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің құзыреті, қызметін ұйымдастыру мен оның тәртібі квазимемлекеттік сектор субъектісінің ішкі актісінде айқындалады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережені әзірлейді және бекітеді.

Квазимемлекеттік сектор субъектілері болып табылмайтын кәсіпкерлік субъектілері сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер құруға құқылы екенін түсіндіріліп,жиналысты аяқтады.

Жиналыс төрағасы: **Д.Кадырбаев**

Жиналыс хатшысы: **Р.Айтмаханбетқызы.**

Төлеби ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Төлеби су шаруашылығы» МКК
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының орындалуын жүргізу мақсатында мекеме қызметкерлері арасында құқықтық оқыту отырысының

№ 8 ХАТТАМАСЫ

Султан Рабат ауылы 25 тамыз 2026 жыл

Жиналыс төрағасы Мекеме директорының м а Д.Кадырбаев

Хатшысы Инженер гидротехник Р.Айтмаханбетқызы

Қатысқандар: Мекеменің қызметкерлері

Күн тәртібінде:

Тақырып: 1.Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 23 наурыздағы № 112 бұйрығымен бекітілген « Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы үлгілік ереженің» талаптарын түсіндіру.

2. Мекемеде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу және оған жол бермеу жөніндегі шаралар.

Жиналыста Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 23 наурыздағы № 112 бұйрығымен бекітілген Үлгілік ереженің негізгі талаптары түсіндірілді.

Қызметкерлерге сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау, мүдделер қақтығысына жол бермеу, қызметтік міндеттерін адал және заң талаптарына сәйкес орындау қажеттілігі түсіндірілді. Сонымен қатар, қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықтарға жол бермеуі, сыйлықтар мен заңнамада көзделмеген өзге де материалдық игіліктерді қабылдамауы және қызметтік жағдайын жеке мақсатта пайдаланбауы туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Төлеби су шаруашылығы МКК-ның кадр инспекторы Ж.Саулембаева өз сөзінде мекеме қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын қатаң сақтауы, қызметтік әдеп нормаларын ұстануы және сыбайлас жемқорлық тәуекелдері байқалған жағдайда тиісті шаралар қабылдауы қажеттігін атап өтті.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: 1. Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 23 наурыздағы № 112 бұйрығымен бекітілген Үлгілік ереженің талаптары мекеме қызметкерлерінің назарына жеткізілсін.

2. Мекеме қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын сақтау және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына жол бермеу тапсырылсын.

3. Қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және құқық сауаттылықты арттыру бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізілсін.

Жиналыс төрағасы: **Д.Кадырбаев**

Жиналыс хатшысы: **Р.Айтмаханбетқызы.**

Төлеби ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Төлеби су шаруашылығы» МКК
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының орындалуын жүргізу мақсатында мекеме қызметкерлері арасында құқықтық оқыту отырысының

№ 9 ХАТТАМАСЫ

Султан Рабат ауылы 07 қыркүйек 2026 жыл

Жиналыс төрағасы Мекеме директоры Д.Кадырбаев

Хатшысы Инженер гидротехник Р.Айтмаханбетқызы

Қатысқандар: Мекеменің қызметкерлері

Күн тәртібінде:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу және оларды болдырмау.
2. Қызметкерлердің қызметтік міндеттерін орындау кезінде мүдделер қақтығысына жол бермеуі.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын сақтау.

«Төлеби су шаруашылығы» МКК директоры Д.Кадырбаев сөз сөйлеп, мекеме қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу, қызметтік міндеттерді адал және заң талаптарына сәйкес орындау туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Қызметкерлерге өздерінің қызметтік өкілеттіктерін жеке мақсатта пайдалануға, қызметтік жағдайын пайдаланып жеке пайда табуға, сондай-ақ азаматтардан, шаруақожалықтарынан және басқа да тұлғалардан заңсыз сыйақы немесе сыйлықтар алуға жол берілмейтіні түсіндірілді.

Сонымен қатар, қызметкерлерге мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда бұл туралы тікелей басшысына және комплаенс қызметіне дереу хабарлау қажеттігі ескертілді.

Мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл талаптарын сақтау әрбір қызметкердің міндеті екендігі атап өтілді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Төлеби су шаруашылығы МКК қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын қатаң сақтасын.
2. Қызметкерлердің қызметтік міндеттерін орындау кезінде мүдделер қақтығысына жол берілмесін.
3. Мүдделер қақтығысы немесе сыбайлас жемқорлық сипатындағы жағдайлар анықталған жағдайда, бұл туралы басшылыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметіне дереу хабарлансын.
4. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізілсін.

Жиналыс төрағасы **Д.Кадырбаев**

Жиналыс хатшысы **Р.Айтмаханбетқызы**